

Биотын айналымы бойынша декларациялардың нысанын, оларды табыс ету қағидасы мен мерзімдерін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 шілдедегі № 807 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 573 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.07.2015 № 573 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Биотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 қарашадағы Заңының 5-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Биотын айналымы бойынша декларацияларды табыс ету қағидасы мен мерзімдері;
 - 2) Биотын айналымы бойынша декларацияның нысаны бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 15 шілдедегі
№ 807 қаулысына
қосымша

Биотын айналымы бойынша декларацияларды табыс ету қағидасы мен мерзімдері

1. Осы Биотын айналымы бойынша декларацияларды табыс ету қағидасы мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағида) «Биотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 қарашадағы Заңының 5-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленген және биотын айналымы бойынша декларацияларды (бұдан әрі – Декларация) табыс ету тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Биотын айналымының көлемін декларациялау осы қаулымен бекітілген белгіленген нысанға сәйкес биотын айналымы туралы мәліметтерді көрсететін

декларацияларды тапсыру арқылы жүзеге асырылады.

3. Декларацияны биоотын айналымын жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар тапсырады.

Декларация ай сайын есепті айдан кейінгі айдың он бесі күнінен кешіктірмей ақпараттық жүйе арқылы электронды түрде немесе қағаз тасығышта салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілердің орналасқан орны және (немесе) тіркелген орны бойынша салық органына (бұдан әрі – салық органы) тапсырылады.

4. Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар осы Қағиданың 3-тармағында көрсетілген тапсыру мерзімін ұзарту қажет болған жағдайда Декларация тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күні бұрын салық органына осы Қағидаға қосымшаға сәйкес қағаз тасығышта және электронды түрде Декларация тапсыру мерзімін ұзарту туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

5. Дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғадан Декларация тапсыру мерзімі басталғанға дейін жазбаша өтініш алған кезде салық органы оны он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартады.

6. Декларация заттай көрсеткіштерде (тонна) тапсырылады.

7. Осы Қағидаға сәйкес тапсырылатын Декларацияларға дара кәсіпкер, заңды тұлғаның басшысы, бас бухгалтері қол қояды және мөрмен немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітіледі.

8. Осы Қағиданың талаптарын бұзған, биоотын айналымын жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

Биоотын айналымы бойынша декларация тапсыру қағидасы мен мерзімдеріне қосымша

Биоотын айналымы бойынша декларация тапсыру мерзімін ұзарту туралы өтініш

Салық төлеушінің атауы _____

СТН _____

– ЖСК/БСК _____

– Тапсыру мерзімін ұзартуды сұраймын (декларацияның атауын көрсетіңіз)

Нысан коды: _____

Салық органының коды: _____

Есепті кезең: Айы | _____ | Жылы | _____ |

Басшының қолы _____

—
МО

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011 жылғы 15 шілдедегі

№ 807 қаулысына

қосымша

Биотын айналымы бойынша декларацияның нысаны

СОК _____

СТН _____

ЖСН/БСН _____

Субъектінің _____ атауы _____

Есепті _____ кезең _____

Декларация түрі _____

Р/с №	Биотын түрі	Биотынның ЖСН коды	Қызметін жүзеге асыру мекенжайы	Өнім беруші/ алушының атауы	Өнім берушінің/ алушының атауы	Өнім берушінің/ алушының СТН (ЖСН/БСН)	Есепті кезең басына қалдығы (тоннада)	Биотын түсімі (тоннамен)			
								Барлығы	өз өндірісінен	ДК және заңды тұлғалардан	и б
	Жиыны	X				X	X		X	X	X

кестенің жалғасы

Өткізілді (тоннамен)					Глеспе жүкқұжат		Өзінің өндірістік қажеттіліктеріне пайдаланылады	Бүліну, жоғалту (тоннамен)	Норма шегінде шығындар (тоннамен)	Өні қайт (тонн)
Барлығы	көтерме сатушыларға	өз бөлшек сауда желісі-ЖҚС арқылы (түпкі тұтынушыға)	Заңды тұлғаларға және (ДК-ге өндірістік мұқтажы үшін	экспортқа	нөмірі	күні				
X	X	X	X	X				X	X	X

Дара кәсіпкер _____

(Т . А . Ә)

Ұйымының басшысы _____

(Т . А . Ә .)

Бас бухгалтер _____
(Т.А.Ә)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ